

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің 2018 жылғы 28
қыркүйектегі № 1466 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2018
жылғы 11 қазанда № 17529 болып
тіркелді

Министерство юстиции Республики Казахстан

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарға аттестаттау жүргізу қағидаларын бекіту туралы және «Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 56 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабының 1-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарға аттестаттау жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. «Тағылымдамадан өткен және адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 56 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10269 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Тағылымдамадан өткен нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы»



кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-2-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН.».

Тағылымдамадан өткен нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларына

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«1- тарау. Жалпы ережелер»;

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-тарау. Аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау тәртібі»;

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-тарау. Аттестаттау өткізудің тәртібі мен шарттары»;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Тестілерге енгізілуі тиіс сұрақтар тізбесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекітеді. Үміткерлердің білімін бағалауға арналған сұрақтар нотариаттық қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық пәндерінің тақырыптарына (Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы, Қазақстан Республикасының тұрғын үй құқығы, Қазақстан Республикасының жер құқығы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес келуі және біреуі дұрыс болатын жауаптардың кемінде үш нұсқасын қамтуы тиіс.

Тестілеу компьютерлік техниканы пайдалана отырып өткізіледі.

Тестілеуге бөлінген уақыт тоқсан минуты құрайды.

Тест құпия ақпарат болып табылады және еркін жариялауға жатпайды.

Аттестаттауды өткізер алдында Комиссия үміткерді аттестаттауды өткізу тәртібі, ұзақтығы және үміткерлерді іріктеу рәсімінің мазмұны туралы хабардар етеді.

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Комиссия тестілеу және/немесе емтихан сұрақтарына жауаптардың нәтижелері бойынша 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғалардың аттестаттаудан өткені туралы не осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер тұлғалардың аттестаттаудан өтпегені туралы дәлелді шешім шығарады. Аттестаттау нәтижелері үміткер аттестаттаудан өткен күні, ол аяқталғаннан кейін жария етіледі.

Комиссияның шешіміне сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

Комиссияның аттестаттаудан өту туралы шешімі Заңның 7-2-бабының 9-тармағына сәйкес, оның шығарылған сәтінен бастап үш жыл бойы жарамды болып табылады.

Аттестаттаудан өтпеген үміткер қайта аттестаттауға бір жылдан соң жіберіледі.

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолдауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

М. Бекетаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 28 қыркүйегіндегі
№ 1466 бұйрығымен бекітілген

**Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарға аттестаттау жүргізу
қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарға аттестаттау жүргізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер және адвокаттар алқасында тағылымдамадан өткен адамдар облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың аумақтық әділет органдары жанында (бұдан әрі – аумақтық әділет органдары) құрылатын адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияда (бұдан әрі – Комиссия) аттестаттаудан өтеді.

Комиссияның жұмыс органы аумақтық әділет органы болып табылады.

Комиссия жеті мүшеден – үш адвокаттан, әділет органдарының екі өкілінен, құқықтанушы ғалымнан және мәслихат депутатынан тұрады.

Адвокаттардың кандидатураларын адвокаттар алқасының президиумы айқындайды және комиссияның құрамына қосу үшін аумақтық әділет органына ұсынады.

Құқықтанушы ғалымның кандидатурасын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жоғары білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындары ұсынады.

Мәслихат депутатының кандидатурасын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың мәслихаттары ұсынады.

Комиссия мүшелерінің бірі оның құрамынан шыққан жағдайда, ол шыққан күнінен бастап жаңа мүшесі бір айдан кешіктірілмей құрамға енгізіледі.

Аумақтық әділет органы басшысының аттестаттау комиссиясының мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары Комиссия төрағасы болып табылады.

Аумақтық әділет органы Комиссияның қызметін ұйымдастыру үшін аумақтық әділет органы қызметкерлерінің ішінен Комиссия хатшысын тағайындайды.

Комиссия хатшысы комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады және отырыстардың хаттамаларын ресімдейді. Хатшы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

Комиссияның дербес құрамын аумақтық әділет органдарының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекітеді.

3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірін алған адамдар;

2) «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттіктерін тоқтатқан адамдар;

3) теріс себептермен шығарылғандарды қоспағанда, прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде он жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, прокуратура және тергеу органдарынан шығарылған адамдар аттестаттаудан өтуден босатылады.

4. Комиссияның отырысына бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысуға құқылы. Аумақтық әділет органы бұқаралық ақпарат құралдарына отырыстың өткізілетін күні туралы хабарлайды.

Комиссия отырысының ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында аудио- және (немесе) бейнежазба не стенографиялау жүзеге асырылады. Отырыс барысында алынған стенограмма, аудио- және (немесе) бейнежазбалар отырыс хаттамасына қоса тіркеледі және Комиссия материалдарымен бірге сақталады.

2-тарау. Аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау тәртібі

5. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер тұлға тағылымдамадан өткеннен кейін «электрондық үкіметтің» веб-порталы не заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы:

1) «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы көрсетілетін ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында, сұрау салу;

2) оларды әділет органдарына ұсынғанға дейін кемінде бір ай бұрын денсаулық сақтау ұйымдарымен берілген диспансерлік есепте тұратыны /тұрмайтыны туралы үміткердің тұрғылықты жері бойынша нарколог және психиатрдың анықтамаларының электрондық көшірмесі;

Аттестаттауға жіберу туралы өтініші, осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес мәліметтермен қамтылады.

6. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адам өтініш беру кезінде аттестаттаудың жүргізілетін орнын, күнін және тілін (қазақ немесе орыс) айқындауға құқылы.

7. Құжаттар тиісінше ресімделмеген не олардың толық топтамасы ұсынылмаған жағдайларда, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдары ұсынылған құжаттармен бірге өтінішті «электрондық үкіметтің» веб-порталына келіп түскен күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде оларды қарамастан, қайтару себебі туралы хабарламамен бірге үміткерге қайтарады.

8. Комиссия үміткердің аттестаттауға жіберу туралы өтінішін күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссия қарау қорытындылары бойынша үміткерді аттестаттауға жіберу не жіберуден бас тарту туралы уәжді шешім шығарады.

Өтініш заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы берілген кезде, барлық деректердің адвокатқа қойылатын талаптарға сәйкестігі интеграцияланған дерекқорлардың ресурстары пайдаланыла отырып, автоматты түрде тексеріледі.

Егер үміткер «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген талаптарға сай болмаса, оны аттестаттауға жіберуден бас тартылады.

Аттестаттауға жіберуден бас тарту туралы шешімді облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдары өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей үміткерге жібереді.

3-тарау. Аттестаттау өткізудің тәртібі мен шарттары

9. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумақтық әділет органдары аттестаттауға жіберілген үміткерді аттестаттау жүргізілерден күнтізбелік он күн бұрын оның жүргізілетін орны, күні, уақыты, тәртібі туралы хабардар етеді.

Өтініш заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы берілген және үміткер адвокатқа қойылатын талаптарға сәйкес келген кезде, заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі аттестаттау жүргізу үшін үміткерлердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады және оның жүргізілетін орнын, күнін, уақытын және тілін (қазақ немесе орыс) растайды.

Аттестаттауға жіберілген үміткерлердің тізімдері оны өткізгенге дейін он жұмыс күнінен кешіктірілмей аумақтық әділет органының интернет-ресурстарында орналастырылады.

Комиссия отырысына келген кезде үміткердің өзінде оның жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс.

10. Аттестаттау екі кезеңнен тұрады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін және адвокаттық қызметті жүзеге асыруға психологиялық дайындығын кешенді компьютерлік тестілеу;

2) қажетті көздерді пайдалана отырып, істің мән-жайларын талдау бойынша практикалық тапсырма кезеңдерінен тұрады.

11. Аттестаттауды өткізер алдында Комиссия үміткерді аттестаттауды өткізу тәртібі, ұзақтығы және үміткерлерді іріктеу рәсімінің мазмұны туралы хабардар етеді.

Жалпы уақыт, психологиялық тесттің орындауына – 20 минут, заңнаманы білу тестісіне – 90 минут (100 сұрақ) құрайды.

Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу қолданылатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен автоматты түрде жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері принтерде екі данада басылып шығарылады және аяқтала салысымен бірден үміткерге жеке қол қойдыру арқылы танысу үшін ұсынылады.

Тестілеу нәтижелері бар парақтың бір данасы үміткерге тапсырылады, екіншісі Комиссияға беріледі.

12. Тестілерге енгізілуі тиіс сұрақтар тізбесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі бекітеді. Үміткерлердің білімін бағалауға арналған сұрақтар адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық пәндерінің тақырыптарына (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келуі және біреуі дұрыс болатын жауаптардың кемінде үш нұсқасын қамтуы тиіс. Тест құпия ақпарат болып табылады және еркін жариялауға жатпайды.

13. Біріздендірілген заңи тест тапсырмаларынан тұратын кешенді компьютерлік тестілеу компьютерлік техника пайдаланыла отырып жүргізіледі.

Тестілеу үшін заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі қолданылған жағдайда, кешенді компьютерлік тестілеудің мазмұны біріздендірілген заңи тест тапсырмаларынан автоматты түрде жасалады.

Біріздендірілген заңи тест тапсырмаларын қалыптастыруды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, конкурстық негізде тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып жүзеге асырады.

14. Егер дұрыс жауаптардың саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 70 және одан артығын құраса, үміткер тестілеуден өтті деп саналады және екінші кезеңге жіберіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамаларын білу тестісінен өткенге дейін үміткерлер психологиялық тестіден өтеді.

Тестіні орындауға берілген уақыт біткенде, бағдарлама автоматты түрде жабылады, Қазақстан Республикасының заңнаманы білуіне тест тапсыруға ауысады.

15. Практикалық тапсырмаға үміткердің жауап дайындауы үшін 10 минут уақыт беріледі. Комиссия мүшелері үміткердің емтихан билетінің ауызша сұрақтарына берген жауаптарының дұрыстығын бес балдық жүйе бойынша бағалайды.

Комиссияның әрбір мүшесі аттестаттаудан өтушінің жауаптарын басқалардан тәуелсіз әр жауап бойынша бес балдық жүйе бойынша бағалайды.

Төрағалық етуші екінші кезеңнің қорытындылары бойынша Комиссия мүшелері шығарған нәтижелерді есептейді және жалпы орташа балды шығарады. Орташа балл үміткердің жинаған балының жалпы санын Комиссияның қатысушы мүшелерінің санына бөлу арқылы анықталады. Үміткердің қорытынды балы 3,3 деп есептелсе, 3,3 деп бағаланады, 4,2 деп есептелсе, 4,2 деп бағаланады және т.б.

Комиссия мүшелерінің бағалары, сондай-ақ аттестаттаудан өтушінің емтихан билетінің сұрақтары бойынша жинаған жалпы орташа балы Комиссияның хаттамасында көрсетіледі.

Егер жалпы орташа балл кемінде төрт балды құраса және одан жоғары болса, үміткер аттестаттаудан өтті деп саналады.

16. Аттестаттаудың екінші кезеңі үшін практикалық тапсырманың мазмұнын Республикалық адвокаттар алқасы өзі дербес қалыптастырады.

Республикалық адвокаттар алқасының өкілдері практикалық тапсырмалардың нұсқаларын үміткерлер санынан асып түсетін санда ұсынады. Практикалық тапсырманың сұрақтары құпия ақпарат болып табылады және жария етілуге және таратылуға жатпайды.

17. Комиссияның отырысында оның күні, уақыты мен орны, аттестаттаудан өтушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болғанда), тестілеу нәтижесі, емтихан билетінің нөмірі мен мазмұны, аттестаттаудан өтушінің жауаптары, Комиссия мүшелерінің қойған балдары мен билет сұрақтары бойынша жалпы орташа балы, сондай-ақ Комиссияның шешімі көрсетілетін хаттама (бұдан әрі - Комиссияның хаттамасы) жүргізіледі.

Хаттамаға аттестаттауды жүргізуге қатысқан Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

18. Аттестаттаудан өту кезінде үміткерге анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиетті, байланыс құралдарын, сондай-ақ электрондық жеткіште қандай да бір жазбаларды пайдалануға жол берілмейді.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда, комиссия үміткерді ағымдағы аттестаттаудан шеттетеді.

Аттестаттаудан шеттетілген үміткер шешім шығарылған күннен үш ай өткен соң аттестаттауға жіберу туралы қайтадан өтініш беруге құқылы.

19. Комиссия екінші кезеңнің нәтижелері бойынша үміткердің аттестатталғаны туралы не аттестатталмағаны туралы осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес уәжді шешім шығарады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттау жөніндегі комиссияның шешіміне уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Комиссияның аттестаттаудан өту туралы шешімі оның шығарылған сәтінен бастап алты жыл бойы жарамды болып табылады.

20. Дәлелді себептер (денсаулық жағдайы бойынша, іссапарда болу себебінен, еңсерілмейтін күштің салдарынан қатысудың мүмкін еместігі) бойынша аттестаттауға келмеген үміткер осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген тәртіппен Комиссияның келесі отырысына шақырылады.

Үміткер қайта келмеген жағдайда, оның өтініші қаралмайды.

Адвокаттық қызметпен
айналысуға үміткер
адамдарға аттестаттау
жүргізу қағидалары
1-қосымша

Адвокаттық қызметпен айналысуға
үміткер адамдарды аттестаттау
жөніндегі комиссияның төрағасына
кімнен _____
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі)
мекен-жайы _____
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы,
(елді мекені, көше атауы, үй/ғимараттың нөмірі)

Аттестаттауға жіберу туралы өтініш

Маған адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттаудан өтуге рұқсат
етуіңізді сұраймын.

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), жеке
сәйкестендіру нөмірі)

1) Диплом туралы мәлімет:

1. жоғары оқу орнының атауы _____

2. мамандықтың шифрі _____

3. дипломның нөмірі _____

4 дипломның берілген күні _____

5. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес
нострификациялау немесе тану рәсімдерінен өткенін растайтын құжат

1. сериясы және нөмірі:

2. негіздеме: күні және нөмірі _____

3. тіркеу нөмірі және күні _____

2) Тағылымдамадан өткені туралы қорытынды:

1. Тағылымдамадан өткені туралы қорытындыны бекіту күні _____

2. _____ облысының/қаласының адвокаттар алқасы

3. тағылымдама жетекшісі _____

4. тағылымдама жетекшісінің адвокаттық қызмет өтілі _____

5. тағылымдаманың басталу күні _____

6. тағылымдаманың аяқталу күні _____

Осымен:

шынайы мәліметтер ұсынғаным үшін дербес жауап беремін; көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға аттестаттаудан өтуге рұқсат беру немесе бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге мүмкін болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Жеке тұлға _____ күні: _____
(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған кезде))

Адвокаттық қызметпен
айналысуға үміткер адамдарға
аттестаттау жүргізу
қағидаларына 2-қосымша

үміткерді аттестаттау /аттестаттамау туралы шешімі

_____ қаласы 20__ жылғы «__» _____

Адвокаттық қызметпен айналысуға аттестаттау нәтижелері бойынша

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

Тестілеу бойынша _____ балл
практикалық тапсырма бойынша _____ балл жинады.

Мынақұрамдағы Комиссия:

Төраға

Мүшелері

шешімшығарды:

_____ аттестаттаудан өтті/өтпеді деп

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

саналсын.

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы